

Астрахан ауданы бойынша 2011 жылға арналған субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 7 маусымдағы № 176 қаулысы. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 маусымда № 1-6-155 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10 тармағына сәйкес, «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 435 ұсынысының негізінде, Астрахан ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** Е Т Е Д І :

1. Астрахан ауданы бойынша 2011 жылға арналған субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдері қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы қаулының күші 2011 жылдың 1 мамырынан бастап қалыптасқан құқықтық қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а й д ы .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М . Қ . Қ о ж а х м е т к е ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

Р.Әкімов

А с т р а х а н

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

7

м а у с ы м д а ғ ы

№ 176 қаулысына қосымша

Астрахан ауданы бойынша 2011 жылға арналған субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері

**және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының
әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдері**

№ р /б	Дақылдардың атауы	Егудің оңтайлы мерзімдері	Өтінімдерді ұсыну мерзімдері
1	орташа піскен жаздық бидай	14 мамырдан 5 маусымға дейін	7 маусымға дейін
2	жаздық арпа, сұлы	7 маусымға дейін	9 маусымға дейін
3	қарақұмық	18 мамырдан 28 мамырға дейін	7 маусымға дейін
4	бұршақ	18 мамырдан 28 мамырға дейін	7 маусымға дейін
5	ноқат	7 мамырдан 15 мамырға дейін	7 маусымға дейін
6	майлы тұқымға арналған күнбағыс	7 мамырдан 20 мамырға дейін	7 маусымға дейін
7	картоп	10 мамырдан 28 мамырға дейін	7 маусымға дейін
8	көкөніс	10 мамырдан 15 маусымға дейін	7 маусымға дейін
9	көп жылдық дәнді және бұршақты шөптердің көктемгі егісі	1 мамырдан 15 мамырға дейін	7 маусымға дейін
10	сүрлемге арналған жүгері	18 мамырдан 25 мамырға дейін	7 маусымға дейін